

Бекітетін
Жіскер Житі
20.10.2023ж

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : «Мөлдір бұлақ »мектепке дейінгі ұйымы

Топ: «Қарлығаш »ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 23.10 - 27.10.2023ж.

Педагогтың аты-жөні: Абдилдина .Г.К. Биранова .Б.О.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жума
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кездесу, әңгімелесу	"Балалар неге әртүрлі?" тақырыбында әңгімелесу; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.				

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту.</p>	<p><i>Сейсенбі</i></p>	<p><i>Сәрсенбі</i></p>	<p><i>Бейсенбі</i></p>	<p><i>Жұма</i></p>
--	--	------------------------	------------------------	------------------------	--------------------

ҚР. Гимнін орындайды.
Міндеттер.
Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.
(музыка)

"Бұл қандай құс?"
дидактикалық ойыны.
Мақсат-міндеттері.
Белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстарды суреттеуді үйрету және оларды ажырата білу.
(сөйлеуді дамыту)

"Сақина" ойыны.
Мақсат-міндеттері.
Балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.
Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізушіні" шығарып, қолына сақина ұстатады.
Балалар екі алақанын бір-біріне

<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>"Қуыршақпен ойнаймыз". Бастапқы қалып тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде. 1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет). 3-4 бастапқы қалып. Аяқ алшақ, қуыршақ алда. 1-2 денені оңға, солға бұру, бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: қуыршақты кеудеде ұстау. 1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді". 5-6 бастапқы қалыпқа келу (3рет). Бастапқы қалып 1-2- отырып қуыршақты еденге қою. 3-4 тік тұру, Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</p>
<p>Таңғы ас</p>	<p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>"Артығын тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Әр мезгілдің ерекше белгілері туралы білімдерін, өз ойларын нақты жеткізе білу қабілеттерін нығайту; есту зейінін дамыту. Барысы: педагог мезгілді "Күз" деп атайды. Педагог жыл мезгілдерінің белгілерін тізбектейді (құстар жылы жаққа қарай ұшады, ағаштарда жапырақтар сарғаяды; үлпілдек ақ қар жауады). Балалар қосымша белгіні атайды және өз таңдауын түсіндіреді. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту.</p>	<p style="text-align: center;">25 қазан - Республика күні</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көгөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салуды үйрету.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңдерінді түріңдер, матаны сулап құрғатындар, лас болған кезде шайындар. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту.</p>
--	--	--	---	---	---

Дене шынықтыру
"Торғай секіреді".
Мақсат-міндеттері.
Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруге үйрету және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру.

"Құс қайда?"
дидактикалық ойыны.
Мақсат-міндеттері.
Қыстайтын құстар мен қоныс аударатын құстарды тану, оларды дұрыс атай білу қабілеттерін қалыптастыру.
(сөйлеуді дамыту)

"Гүл дүкені"
дидактикалық ойыны.
Мақсат-міндеттері.
Түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларға өсімдіктерді түсі бойынша топтастыруды, әдемі гүлшоқтарын жасауды үйрету.
Барысы: үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі түсті жапырақшалары

"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.
Мақсат-міндеттері.
Балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ойқиялын жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.
Бұлттар құстай ұшады, (қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)
Құстар бұлттай ұшады,
Көк аспанда, биікте, (аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау)
Қанат жайып, ұшады.
Бұлттар құстай болмайлы

Саусақ жаттығуы.
Мақсат-міндеттері.
Балаларға қимылдарды мәтін жолдарына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, елестету, ойлау қабілетін дамыту.
Шаршы бұрышын кұрайық,
Саусақ ұштарын қосайық.
Бір, екі, үш, төрт.
Бір, екі, үш, төрт.
Бір, екі, үш, төрт.
Бір, екі, үш, төрт.
Төрт бұрыштар жиналып,
Бір пішінге кұрылды. **(сөйлеуді дамыту)**

Үстел үсті ойыны.
"Суретті кұрастыр".
Мақсат-міндеттері.
Бөлшектерден тұтас бір бөлікті кұрастыруға дағдыландыру:

2- таңғы ас	"Ас тұрған жерде - ауру тұрмайды" мақал-мәтелін қайталап, уақтылы және дұрыс тамақтанудың артықшылықтарын еске түсіру; дастарқан басында арқаларын көтеріп, тік отыру керектігін ескерту; ас құралдарын дұрыс қолдануларын қадағалау; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.

<p>Серуен</p>	<p>Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Ағаштар қыстан қалай шыққанын тексеру. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. - Балалар, ағаштарға қарап не айтуға болады? - Тағы қандай өзгерістер болады? - Ағаштар ауаны ластанудан тазалайды. Сол үшін адамдар ағаштарды көп отырғызады. «Өз ағашыңды тап» қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Табиғатты аялауға тәрбиелеу; кеңістікті</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, достарым, келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым, кел бері, Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді. (сөйлеуді дамыту)</p>		<p>"Біздің жердің құстары" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларда біздің жерде қыстайтын және жыл құстары, олардың әдеттері, сыртқы түрі, қоректенуі, тіршілік ету ортасы туралы жалпылама түсінік қалыптастыру; құстарды сыртқы түріне қарай ажыратып, суреттерден табуды үйрету; туған жердің табиғатына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырат" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Құстар туралы білімдерін толықтыру; жыл құстары мен қыстайтын құстарды бір-бірінен ажырату іскерліктерін жетілдіру. Барысы: балаларға жыл құстары және қыстайтын құстар бейнеленген суреттер ұсынылады. Магниттің көмегімен жыл құстарын магниттік тақтаның бір жағына, ал қыстайтын құстарды екінші жағына жапсырады. (сөйлеуді дамыту)</p>
---------------	---	--	--	--	---

<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>	<p>Дене шынықтыру "Екі аяқпен секіреміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі бағытта жылдам және баяу қарқынмен жүгіру дағдысын қалыптастыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін жетілдіру; балаларды алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруді үйрету.</p>		<p>Дене шынықтыру "Торғай секілді секіреміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүру іскерліктерін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және допты аяқпен қысып ұстап, отырып-тұрып домалату дағдыларын бекіту.</p>	<p>Қазақ тілі "Күзгі жаңбыр". Мақсат-міндеттері. Қазақ тілінде жаңбыр түрлерінің атауларын атауды үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен жаңбырдың жауғанын, жапырақтардың түсуін білдіретін сөз тіркесін құрауды үйрету.</p>
<p>Түскі ас</p>	<p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз! Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз! Балалар алғыс айтады, тамақтануға кіріседі. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
<p>Түскі ұйқы</p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				

<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>"Мейірімді мысық" (белді бүгіп, басты жоғары көтеру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</p>	<p>Құстарды бақылау (көгершін). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Көгершіннің сыртынан танып, оны өзге құстардан ажыратуды үйрету; құстар туралы жалпы түсініктерін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, оны торғаймен салыстыруына болады. "Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың аң-құстардың, үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін пысықтау; сөздік</p>		<p>Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы түсініктерін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайта қайтып келеді. Бұл құс жазда ұя салып, балапандарын ұшуға үйретеді. - Қарлығаш басқа құстарға қарағанда ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі кара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр.</p>	<p>Құстарды бақылау (торғай). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуды үйрету; құстар туралы жалпы мағлұматтарын пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. "Торғай". Торғай, торғайсың, Жылдамсың, сондайсың, Шырылдап қоймайсың, Ұшасың, талмайсың. Шомылып ал шалшыққа, Қона ғой біздің баққа. Д. Ахметова. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша,</p>
--	---	--	--	--	---

Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі. Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз, күлмейміз! Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз! (мәдени-гигиеналық дағдылар)
-----------------	---

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Ақ үйрек, сары үйрек". Мақсат-міндеттері. Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін, сол және оң жақты, түстерді ажырату іскерліктерін жетілдіру, құстарды топтастыру, бөлу операцияларын пысықтау; есте сақтау, кеңістікті бағдарлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ойды дамыту.</p> <p>"Құстарды сұлбасы бойынша таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың қыстайтын және жыл құстары туралы білімдерін бекітуге үлес қосу, сұлбасы бойынша құстарды тануды үйрету. Барысы: балаларға құстардың сұлбасы ұсынылады. Балалар құстарды анықтап, оларды жыл құстары немесе қыстайтын құс деп атайды. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Ұшты-ұшты" жаттығуы. Тілдің дыбыстық мәдениеті. [ш] дыбысы." Мақсат-міндеттері. Балаларды [ш] дыбысының айтылу мәдениетіне үйрету; әңгімелесу, ойындар барысында жыл құстарының атауын атап, күз мезгілінде жылы жаққа ұшу құбылысы жөнінде мағлұматтар беру.</p> <p>Вариативті компонент/Шығармашылық "Қарбыздың бөлігі". Мақсат-міндеттер. Балаларға күз мезгіліндегі адам еңбегінің түрлері туралы ұғым беру; жеміс пен көгөністер жөніндегі дүниетанымын кеңейту; қарбыздың жидектер тобына кіретінін тәжірибе арқылы дәлелдеу.</p> <p>Саусақ жаттығуы. "Дөңгелек". Дөңгелек пішіндер өте көп: Алма, апельсин, картоп, Адамның басы дөңгелек, Дөңгелек екен ойыншық доп.</p>
--	---

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Жаңылтпаштар айтқызу. Атам бақ аралады, Ағам тал аралады. Асан көл жағалады, Асыл ат тағалады.</p> <p>Шырағым шұбат іш, Шұбатты сұрап іш. Шұбатты ішпесең, Бігпейді бұла күш. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді.</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)</p>		<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Мұрагер» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)</p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Бір үзім нан» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				

Серуен**Ағаштар мен бұталарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**

Мақсат-міндеттері. Ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

Ағаштар қыстан қалай шыққанын тексеру.

Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды.

- Балалар, ағаштарға қарап не айтуға болады?

- Тағы қандай өзгерістер болады?

- Ағаштар ауаны ластанудан тазалайды. Сол үшін адамдар ағаштарды көп отырғызады.

«Өз ағашыңды тап» қимылды ойыны. (дене шынықтыру)

Мақсат-міндеттері. Табиғатты аялауға тәрбиелеу; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру; зерек болуға тәрбиелеу.

"Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)

Мақсат-міндеттері. Балалардың доппен ойналатын ойындарға қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу.

Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты жылдам қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады.

Еңбек әрекеті: өскіндері суару.

Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.

Балалардың еркін ойындары.

<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Құстар неге сөйлемейді?" Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, құстардың өзіндік ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; ертегіні тыңдау кезінде әр құстың өзіндік қасиетін эмоциялық сезіммен қабылдай білуге үйрету.</p> <p>"Жыл құстарын тап" ойыны. Мақсат-міндеттері. Жыл құстарына жататын құстардың суреттерін тауып атау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>"Кім не жейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Құстардың қоректенуі туралы</p>		<p>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Қарлығаш". Мақсат-міндеттері. Балаларды қарлығаштың сыртқы бейнесімен таныстыра отырып, қарлығаш туралы түсініктерін кеңейту; қарлығаштың тіршілігін бақылау дағдысын қалыптастыру; жыл құстары туралы түсінік беру. Қарлығаш туралы көркем сөздер арқылы балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен ойлау қабілетін және тануға, білуге деген құштарлығын дамыту.</p> <p>"Қандай құс?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Құстардың атауын атап, сипаттау.</p> <p>(қазақ тілі, сөйлеуді</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Көлде жүзген үйрек". Мақсат-міндеттері. Балаларды көлде жүзіп жүрген үйректің айналасына қағаз бойымен көлденең созылған, бірнеше көк түсті ұзын толқынды жолақтарды салу амалымен таныстыру; жыл құстары жөнінде мағлұматтарды толықтыру.</p> <p>Саусақ жаттығуы. «Балапан». Балапаным, балапан, Қайда кеттің ауладан? (сүк саусақпен бұлғау) Суға бірге барайық, (шапалақтау) Саған бидай шашайық! Бидай шоқып, тоқ-тоқ-тоқ, (үстел бетін саусақтармен соққылау) Қанатыңды қақ-қақ-</p>
-------------------------------	---	--	--	--	---

<p>Кешкі ас</p>	<p>Тағамның атауын есте сақтауды, тамақ ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)</p>	<p>Артикуляциялық жаттығулар. Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p>		<p>Жаңылтпаштар айтқызу. Қулық таудан, Қулық бие көрдім. Қуанғаным, құлындапты, Қулық таудың Қойнауындағы Қорқауларға ұрынбапты. Сырттағы ит үрді, Сырттан кісі кірді. Сырттағы біреу, Сыпырып кетті кірді. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Бала тілін дамыту. "Сауысқан" (ел аузынан) Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқаңдатқан сауысқан. (сөйлеуді дамыту)</p>
------------------------	--	--	--	--	---

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Өнер бұрышында құстардың бейнесін жасау. Топпен жұмыс, жеке жұмыс. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</p> <p>"Біз құсты іздейміз" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Бақылау, кеңістікті бағдарлауды дамыту.</p> <p>Тәрбиешінің қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар.</p> <p>Тәрбиеші құсты жасырады. Балалар оны іздеулері қажет.</p> <p>- Қанекей, балалар, ойынды бастаймыз. Көзімізді жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын. Ойыншықтар атауын қазақ тілінде дұрыс атау.</p> <p>- Енді, балалар, ойыншықты іздеп табыңдар. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>Еркін рөлдік ойындар.</p> <p>"Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту.</p> <p>Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек."</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)</p>
--	--

<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>"Отбасымен серуендеу" тақырыбында көрме ұйымдастыру.</p>	<p>Құстарды бақылауды жалғастыру (көгершін). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Көгершіннің суретін танып, өзге құстардан ажыратуды машықтандыру; құстар туралы жалпы түсініктерін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, балаларға оны торғаймен салыстыруды ұсынуына болады. "Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың аң-құстардың, үй</p>		<p>Құстарды бақылауды жалғастыру. (қарлығаш). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы түсініктерін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, көктемде қайтып келеді. Бұл құс жазда ұя салып, балапандарын ұшуға үйретеді. - Қарлығаш басқа құстарға қарағанда ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі</p>	<p>Құстарды бақылауды жалғастыру (торғай). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы түсініктерін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. "Торғай". Торғай, торғайсың, Жылдамсың, сондайсың, Шырылдап қоймайсың, Ұшасың, талмайсың. Шомылып ал шалшыққа, Қона ғой біздің баққа. Д. Ахметова. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер.</p>
---	---	--	--	---	---
